# Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1999 жылғы 18-19 қарашада Стамбул қаласындағы ЕҚЫҰ Саммитіне қатысуы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 5 мамыр N 669

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1999 жылғы 13-19 қарашада Стамбул қаласындағы ЕҚЫҰ Саммитіне қатысуы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-мен одан арғы ынтымақтастығын дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1999 жылғы 18-19 қарашада Стамбул қаласындағы ЕҚЫҰ Саммитіне қатысуы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де

мемлекеттік органдары (келісім бойынша) белгіленген тәртіппен Жоспарда көзделген іс-шараларды орындауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулының орындалуын бақылауды жүзеге асырсын және Жоспарды жүзеге асырудың барысы туралы кемінде тоқсанына бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарласын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 5 мамырдағы
N 669 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың
1999 жылғы 18-19 қарашада Стамбул қаласындағы ЕҚЫҰ Саммитіне
қатысуы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру
жөніндегі іс-шаралардың жоспары

| N р/с | Іс-шара | Орындау мерзімі | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | ЕҚЫҰ институттарының жұмысына қазақстандық мамандарды тартудың мүмкіндіктерін зерттеу | 2000 жылдың ішінде | Сыртқы істер министрлігі |
| 2. | Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңес процесін одан әрі алға бастыру жөніндегі диалогты дамыту. ЕҚЫҰ-ның Жанжалдардың алдын алу жөніндегі орталығымен екі жақты консультациялар өткізу | 2000 жылдың I жартыжылдығы | Сыртқы істер министрлігі |
| 3. | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЕҚЫҰ-ның демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюросының арасындағы өзара түсіністік туралы 1998 жылғы 2 желтоқсандағы меморандумға сәйкес Қазақстандағы демократиялық процестерді жетілдіру жөніндегі жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету | 2000 жылдың ішінде | Сыртқы істер министрлігі, Орталық сайлау комиссиясы (келісім бойынша) |
| 4. | Мұнай және газ саласындағы ынтымақтастық:<br>1) Стамбулда қол қойылған Түркия, Әзірбайжан және Грузия арасындағы құжаттарды жобаны іске асыру жөніндегі ұйымдық құрылымдарды қалыптастыру, оның қаржылық, транзиттік және басқа да шарттарын келісу кезінде қазақстандық мүдделерді қамтамасыз ету тұрғысынан зерделеу;<br>2) басқа экспортшылар тарапынан бәсекені ескере отырып, Қазақстан газының экспорты үшін жағдайды күні бұрын | 2000 жылдың ішінде | Экономика министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қамтамасыз ету мақсатында түркімендік және Транскаспий газ құбыры жобасын іске асыруға қатысушы түркімендік және басқа да шетелдік ұйымдармен консультациялар өткізу;<br>3) Баку-Джейхан жобасы бойынша мүдделі компаниялармен және құрылымдармен келіссөздерді жандандыру | | |
| 5. | Орталық Азиядағы экология және су ресурстары мәселелері жөніндегі конференцияға (2000 жыл, Лондон) қатысу үшін делегацияның құрамын бекіту | 2000 жылдың II тоқсаны | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| 6. | ЕҚЫҰ-ның тиісті институттарымен Орталық Азия аймағының тұрақтылығына қауіп төндіретін экстремизм, терроризм, жасырын көші-қон және есірткілер мен қаруларды заңсыз тарату сияқты неғұрлым өткір проблемаларды шешу жөніндегі ынтымақтастықтың бағытын айқындау | 2000 жылдың II тоқсаны | Сыртқы істер министрлігі, Ұлттық қауіп. сіздік комитеті (келісім бойынша), Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| 7. | Қазақстан өкілдерін ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттерде құрылатын және аталған ұйымның билігінде болатын жедел сарапшылық қолдау және ынтымақтастық топтарына (РЕАКТ) енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау | 2000 жылдың I жартыжылдығы | Ұлттық қауіп. сіздік комитеті (келісім бойынша), Ішкі істер министрлігі, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік |
| 8. | Полиция қызметтерінің кәсібі даярлығы мен тиісті қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылуы (жедел-тактикалық әлеуетті арттыру, полиция жұмысының жаңа, қазіргі заманғы нысандарын меңгеру және т.б.) | 2000 жылдың I жартыжылдығы | Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіп. сіздік комитеті (келісім бойынша) |

саласындағы ынтымақтастық мәселелерін пысықтау

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК